



Ақмешіт

28 желтоқсан
сейсенбі

№103 (1805)

2021 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

ЖЫЛ
30

Ел Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына
орай биыл жазасын өтеушілерге жеңілдік
қарастырылған. Ел тарихында
9 рет жасалған рақымшылыққа
14 мыңнан астам сотталған ілкіті.

ЖАҢА БҰЙРЫҚ: КОНКУРСАН ӨТСЕҢ, МҰҒАЛІМ БОЛАСЫҢ



Жыл аяқталар тұстағы бұл жаңалық қоғам назарын аудармай қоймады. Білім және ғылым министрлігінің жаңа бұйрығы бойынша енді мұғалімді жұмысқа мектеп директоры емес, конкурс қабылдайды.

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов бұл өзгерісті әлеуметтік желідегі парақшасында бөлісті: «ҚР Білім және ғылым министрлігінің педагогтерді жұмысқа қабылдау қағидаларына қатысты жаңа бұйрығы ҚР Әділет министрлігінде тіркелді. Енді педагогтерді жұмысқа қабылдау жаңа форматта конкурс және нақты критерий бойынша жүзеге асады» деп жазды министр.

Жаңа ережеге сәйкес, жұмысқа орналасу үшін үміткерлер конкурста қатысу туралы өтініш береді. Өтініш беруші өзінің бағалау парағын қоса ұсынады. Онда барлық жетістігі, нәтижелері, еңбек өтілі, әкімшілік немесе әдістемелік қызмет тәжірибесі, курстық дайындық және басқа да ақпарат көрсетіледі. Әрбір бағыт бойынша үміткер белгіленген критерийлер арқылы бағалау шкаласына сәйкес өз балын дербес қояды. Конкурс комиссия өтініш берушінің өзі қойған балды, оны растайтын құжаттардың сәйкестігін тексеріп, қорытынды ұялай шығарады. Нәтижесінде бос орынға ең көп балл жинаған үміткер қабылданады. «Сонымен қатар бұрынғы жұмыс орнынан ұсыныс хаттар да сұратылады. Үміткер оң ұсыныс үшін 3 балл жинаса, ал теріс ұсыныс үшін 5 балл жоғалтады. Ұйымдар үміткердің қандай да бір бұзушылықтарға жол берді ме, жоқ па, сол туралы ақпаратты ескере алады. Мұндай фактілер анықталса, педагог кез келген кезеңде конкурстан шеттетіледі. Ережеде үміткерлердің біліктілік санатының міндетті түрде болуы қарастырылған» дейді министр.

Ал жас маманның жағдайы не болмақ? Ережеде жас маманның жұмысқа қабылдануы туралы да қамтылған. Мұғалімдердің жаңа ережесі бойынша диплом алған жас маман мектепке барып бірден мұғалім бола алмайды. Ереже талабы бойынша, алдымен ұлттық біліктілік тестілеуінен өтіп, педагогтің бірінші санатын алуға міндетті.

Бұл ереженің білім саласы үшін маңызды екенін атап өткен жөн. Білім саласындағы ашықтық, газалық, тіпті сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға үлкен ықпалын тигізеді деген үміт бар. Әйтпесе бүгінде мұғалім болу аз ақша тұрмайтыны туралы қоғамда түрлі пікірлер айтылып жүргені жасырын емес. Бұл туралы министр өз сөзінде: «Айта кеткен жөн, аталған өзгерістер мұғалімдерді жұмысқа орналастыру кезінде ашықтықты қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға және жұмысқа қабылдау кезінде меритократия қағидаларын қамтамасыз етуге бағытталған. Бірқатар аймақта сағаттар санын дұрыс бөлмей кімді және қандай көрсеткіштер бойынша жұмысқа қабылдау керектігі туралы өзі шешетін. Бірқатар аймақта сағаттар санын дұрыс бөлмей, үш-төрт мұғалім бір ставкаға қабылданған жағдайлар тіркелді. Мұндай жағдайлар қандай себептерге байланысты орын алатынын болжау қиын емес», — деді.

Г.МАҒЛҰМҚЫЗЫ

Жаңа 2022 жылға қадам басуға санаулы күндер қалды. Осы тұста Қазақстанда жаңа жылда күшіне енетін бірқатар өзгеріс қабылданды. Соның бірсыпырасын назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік. Оның ішінде ең төменгі күнкөріс деңгейі, ең төменгі жалақы деңгейі мен зейнетақыға енгізілген өзгерістер бар.

КЕЛЕР ЖЫЛДАН НЕ КҮТЕМІЗ?



Мәселен, Еңбек министрлігі 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі күнкөріс деңгейі мен айлық есептік көрсеткішті 5 процентке индекске жоспарланып отырғанын хабарлады. Нәтижесінде ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшері 36018 теңгені құраса, АЕК 3063 теңге болып белгіленбек.

Айта кетерлігі, 2020 жылы пандемияға байланысты Қазақстанда күнкөріс деңгейі мен АЕК екі есе өсіп, 10 процентке көбейген болатын. Ал бұлар 5 процентке индекстеліп, нәтижесінде төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшері және АЕК мөлшері сәйкесінше 34302 теңге және 2917 теңгені құрады.

Жаңа қабылданған заң бойынша келер жылы ең төменгі жалақы 42500 теңгеден 60 мыңға көтеріледі. Яғни ең төменгі жалақы мөлшері 41 процентке өседі. Еңбек министрлігі хабарлағандай, бұл өзгеріс 1,6 млн адамның айлығын жоғарылатпақ.

Ең алдымен, «аз жалақы алатын» жұмысшылардың айлығы жоғарылайды. Сонымен қатар жалақы деңгейін белгілеу кезінде ең төменгі жалақы көрсеткішін пайдаланатын жұмыс берушілер жұмысшылардың басқа санаттарының жалақысын да қайта қарау керек болады.

Үкімет сонымен қатар бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысын арттыру бойынша да шаралар қабылдауда. Мәселен, 2023 жылы педагог мамандардың еңбекақысы 3 есе өспек.

Биыл медицина қызметкерлері мен қоғамдық қызметкерлердің жалақасын арттыру жұмыстары басталды. Осылайша 4 жылда олардың да айлығы екі еселенбек.

Қазіргі кезде өзге де сала мамандарының айлығын көтеру жұмыстарына дайындық басталып кеткен. 2022 жылдан бастап архивариус, мұражай қызметкері, кітапханашы мен орманшы, техникалық қызметкер болып жұмыс істейтін 588 мың адамның айлығы жоғарыламақ.

Келер жылы зейнетақы мөлшері көбеймек. Нәтижесінде келесі жылы мемлекеттік бюджеттен зейнетақы мен жәрдемақы алатын 5,1 миллион қазақстандықтың табысы артапак.

А.НҰР

Айта кетерлігі, 2020 жылы пандемияға байланысты Қазақстанда күнкөріс деңгейі мен АЕК екі есе өсіп, 10 процентке көбейген болатын. Ал биыл олар 5 процентке индекстеліп, нәтижесінде төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшері және АЕК мөлшері сәйкесінше 34302 теңге және 2917 теңгені құрады. Жаңа қабылданған заң бойынша келер жылы ең төменгі жалақы 42500 теңгеден 60 мыңға көтеріледі. Яғни ең төменгі жалақы мөлшері 41 процентке өседі. Еңбек министрлігі хабарлағандай, бұл өзгеріс 1,6 млн адамның айлығын жоғарылатпақ.

СҰХБАТ

Нұрбол АППАЗОВ, академик:

«АЛЬЦГЕЙМЕР ЖӘНЕ ПАРКИНСОН АУРУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУҒА АРНАЛҒАН ПРЕПАРАТ ДАЙЫНДАУДАМЫЗ»



Бүгінде «Альцгеймер» және «Паркинсон» ауруларының емі табылмай келеді. Дегенмен бүгінде бірнеше елдің ғалымдары бірлесіп, бұл аурудың алдын алатын дәрі жасауға кірісіп кетті. Олардың қатарында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің зерттеуші-профессоры, жас академик Нұрбол Аппазов та бар. Жақында академик ғалыммен бүгінге дейінгі ғылымда жеткен жетістігі, шыққан белесі, ашқан жаңалықтары жайында сұхбаттастық...

3 БЕТТЕ

СУДЫ ҚАЛАЙ ҮНЕМДЕЙМІЗ?

Сырдариядағы су тапшылығы қазіргі таңда күн тәртібіндегі өзекті мәселеге айналып отыр. Осы орайда Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында «Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру жобасының екінші кезеңі» 3-ші компоненті аясындағы «Су тапшылығы жағдайында егін шаруашылығына су үнемдеу технологияларын ендірудің өзекті мәселелері» тақырыбындағы онлайн форматта семинар өтті.

Семинарға Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының басқарма төрағасы Қамбарбек Мұбаракөв, Арал-Сырдария бассейндік инспекциясының басшысы Сейілбек Нұрымбетов, «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалының директоры Хамит Бимібетов және жергілікті шаруашылық өкілдері қатысты.

3 БЕТТЕ

РАҚЫМШЫЛЫҚ КІМДЕРГЕ ЖАСАЛАДЫ?

7 желтоқсанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына орай рақымшылық жасау туралы» Заңға қол қойды. Заңға сәйкес 14045 сотталғанға рақымшылық жасалды. Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев 2236 сотталушыға және 11310 пробациялық есепте тұрған адамға рақымшылық жасалғанын айтты. Одан бөлек 3818 адам пробацияда тұрғандар тізімінен босатылған.

Сондай-ақ 1294 сотталушы мен пробацияда тұрған 7294 адамның жаза мерзімі қысқартылып, сотқа дейінгі өндірістегі 5 мың қылмыстық іс тоқтатылды. Оның ішінде 1674 адам қылмыстық жауапкершіліктен босатылса, 1471 адамға сот органдары жаза мерзімін қысқарту немесе босату ережелерін қолданды.

Құжаттың басты көздегені де осы – аса ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс үшін жазалан босату және кейбір ауыр, аса ауыр қылмыстар үшін жаза мерзімін қысқарту. Ал рақымшылық ардагерлерге, көмелеттік жасқа толмағандарға, жасы үлкендерге, бірінші және екінші топтағы мүгедектерге, қоғамға қауіп төндірмейтін адамдарға қолданылады.

Қылмыс жасап темір торға тоғытылып, рақымшылықпен босап шыққандар тағы да қылмыс жасаса нақты шара қолданылмақ. Бұл туралы Е.Тұрғымбаев баса айтты. Одан бөлек министр мұндай дерек орын алмас үшін оларды жұмысқа орналастырған жөн екендігін де тілге тиек етті.

А.ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

Баспасөз-2022

**АҒАЙЫН,
«АҚМЕШІТ
АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?**

Баспасөзге 2022 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз тәуелсіздік күнінде тұрсын! Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08

ТӘРБИЕ



ҚЫЗЫМ, ЕР АДАМНЫҢ АЛДЫН КЕСІП ӨТПЕ

Бірде аурухана есігінің кіре берісінде тұрғанмын. Адамдардың бәрі асығыс. Ал менің сәл кідіріп, тоқтауыма тура келді. Өйткені сол көп адамның ішінде жасы жетпістің үстіне шыққан қария келе жатты. Ол да менің күтіп тұрғанымды байқаса керек. Аяғын жылдамдық басты. Аурухана есігін ашып: - Өте берісіз, - дедім.

түратын. Өзіндей ұрпағымыз көп болсын, қарағым, - деп әңгіме арасында анасын да еске алды. Ал маған сол сөзге қазынаның «Айналайын, қарағым, қызым» деген сөздері өте бағалы болды. Қандай әдемі естіледі десеңізші... Расында да, мен ес білгелі анаман мына сөзді естіп бойжеттім.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

«Өй, әке-е-нің... Кір үйге», - деп Орынбасар аға баласына тағы ұрсып, көк желкесінен тартып жіберді. Тиген шапалақтың дауысы «сарт» еткеннен-ақ біз оның қалай ауыртатынын іштей сезіндік. Бірақ Сұңғат мыңқ етпейді. Ашы суға тағы да сылқия тойып алып, аяғын сүйреп басқан әкесінің алдына түсіп алды да күрегін сүйретіп үйге қарай кете барды.

ОКОПШЫ СҰҢҒАТ



Бірде бір топ бала жиналып, қолымызға кішкентай көзек алып тоғайға кеттік. Сол жақтан қаракат жинап жарысамыз. Кімнің ылдасы бірінші толса, сол жеңген болып есептеледі. Көбіне үлкенірек болып піскен қара түстісін жинаймыз. Ал сарғылт келген «апелсин» сортты қаракат өсіп тұрған ағаш көрсек барлығымыз соны толық жинамай кетпейтініміз. Өйткені «апелсин» сортты қаракат ерекше тәтті болатын. Ыдысымыз толған соң қақпағын

болды. Сонымен іштей қорқып тұрсақ та, қасына жақындап әңгімесін тыңдадық. «Маған мамам ұрыспайды, Орынбасар аға да мені ұрып көрген емес» деп күмбірлеп жатыр Сұңғат. Сол кезде «Не өтірікті сойып тұрсың, әкең күнде құлақ шекеңнен шапалақпен салып қалады емес пе?» деп Әлішер қойып қалды. Бұл сөз Сұңғатқа ұнамаса керек, орнынан атып тұрып бізді қуа жөнелді. Бәріміз жан жаққа тым-тырақай қашып бара жатқанымызда Әлішер қазылған бір

собақа» деп атайтын ұрысқақ апайды көрші Света сабырға шақырып жатыр. Сол оқиғадан кейін «шахтер отбасының» «оқопшы» Сұңғатына біреуіміз де жақындамайтын болдық. Ол да күнделікті өзімен-өзі «оқобын» қазып жүре беретін. Кешке күнделікті араққа тойып алған әкесінің бір шапалағын жеп алып, үйіне кіреді. Сәл кейін анасы шығып шұңқырларды көмеді. Кейде біз де жақсылық жасаған болып, шұңқырларды көмуге көмектесеміз. Жалпы бұл көрініс біздің үйі қаладан күнделікті сценарий бойынша орындалатындай. Біз 10 жасқа келгенде 16 жастағы Сұңғаттың мінезі сол баяғы 6-7 жасар баланыкі болып қала берді... 2012 жылы үй салып, ол жақтан көшіп кеткені Сұңғатты көрген жоқпын. Өнәтуі осы бір оқиға есіме түсіп кетіп, үйдегілерден «шахтерлер» отбасының қазіргі хал-жағдайын сұрадым. Иә, сол үйдің баласы жер қаза беретін болғандықтан көбі оларды «шахтерлер отбасы» деп атап кеткен. Онымен біздің үйдегілер де олардың қазіргі жағдайын білмейтінін айтты. Бірақ анам сол «оқопшы» Сұңғаттың неге оқоп қазатынын айтты бергенде көңілдіміз бір мұң жайлады.

ҚОЯН АУЛАП, ҚОЛҒА ТҮСТІ

Желтоқсан айында облыс көлемінде «Киік» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде. Жедел-профилактикалық шараға арнайы мобилдік топ құрылған. Тексеріс барысында барлығы 76 заң бұзушылық анықталды. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 382-бабының 1-бөлігімен 75 азаматқа қатысты әкімшілік шара көрілді.



ШІМДІК ІШП, КӨЛІК АЙДАҒАН Облыстық полиция департаментінің қызметкерлері «Самара-Шымкент» тас жолының 1960/306 шақырым тұсында бағытталмас көлік құралдарының жүру жылдамдығын және бағытын күрт өзгертуге мәжбүр етіп, авариялық жағдай туындаған «AUDI» автокөлігін тоқтатқан.

ЭЛЕКТР СЫМЫН ҰРЛАП...

Қызылорда қалалық полиция басқармасының Ақсай полиция бөлімінің «102» жедел арынасына жауапкершілігі шектелуі серіктестігінің басшысы жүрген. Арызданушының айтуына, қала орталығында орналасқан ірі зауыт ғимаратына тиесілі қабырғаларға жүргізілетін ток сымдары қолды болып, мекемеге 800 мың теңге шығын келтірген.

ПИРОТЕХНИКАЛЫҚ ЗАТТАРДЫ ЗАҢСЫЗ САТҚАН

Облыс көлемінде өтіп жатқан «Пиротехника» жедел-профилактикалық шарасы барысында базарлар мен сауда орындарында облыстық полиция департаментінің әкімшілік полиция басқармасы мен төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері бірлесіп рейдтік шаралар жүргізуде.

ЖОҒАЛҒАН МАЛЫН ІЗДЕП, АЙЫППҮЛІ АРҚАЛАДЫ

Қызылорда тұрғыны қалалық полиция басқармасы Тасбөгет полиция бөліміне келіп арызданған. Жәбірленуші арызында оның қалада орналасқан саяжайлардың бірінде жайылып жүрген 1 бас сиыры жоғалғанын көрсеткен. Жәбірленушіге келтірілген шығын 350 мың теңге.

МАЛ ҰРЛАҒАНДАР АЛЫСҚА ҰЗАМАДЫ

Қазалы ауданының тұрғыны мал ұрлығы бойынша аудандық полиция бөліміне арызданған. Жедел іздестіру шараларының нәтижесінде 3 бас жылқы малын ұрлап, ет өнімдерін Қазалы ауданы мен Төрстан кенті, Ақсай елді мекенінің тұрғындарына өткізген Қазалы ауданы мен Ақай ауылының тұрғындарына құралған қылмыстық топ ұстады.

Мәліметтер облыстық полиция департаменті мен қалалық полиция басқармасынан алынды.

Company information footer including 'Menшік несі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектелуі серіктестігі', 'Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ', 'Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы', and contact details for phone, fax, and address.